

2026 жылғы қаңтар-маусымдағы өнеркәсіп

Жариялау күні: 17.07.2026
Келесі жариялау күні: 17.08.2026

- 1. Түйінді тұстары
- 2. Есепті кезеңдегі өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері
- 3. Глоссарий
- 4. Әдістеме
- 5. Жарияланымдарға қатысты сілтемелер
- 6. Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстары

2026 жылғы қаңтар-маусымда Қазақстанда өнеркәсіптік өндірістің индексі (бұдан әрі – ӨӨИ) 103,5% құрады.


Өндірістің өсуі өңдеу өнеркәсібінде өсу – 9,8%, электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда – 10,5%, сумен жабдықтау, суды бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызметте 9,8% белгіленді. Өндірістің төмендеуі тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда 4% байқалады.

Өңірлер арасында едәуір өсу Алматы, Жамбыл, Жетісу, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау, Түркістан облыстарында және Астана, Алматы және Шымкент қалаларында белгіленді.

2. Өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

2026 жылғы қаңтар-маусымда өнеркәсіп өнімдері 34495,3 млрд. теңгеге өндірілді, оның ішінде тау-кен өндіру саласында – 15884,5 млрд.теңгеге (жалпы көлемнен 46,1%), өңдеуде – 16226,9 млрд. теңгеге (47%).

Өнеркәсіптік өндіріс индексі



Серпінді кестелер:

[Қазақстан Республикасының қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің индексі](#)
[Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің өңірлер бөлінісінде көлемі](#)

Қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің индекстері

	2026 жылғы қаңтар-мамыр 2025 жылғы қаңтар-мамырға	2026 жылғы маусым		2026 жылғы қаңтар-маусым 2025 жылғы қаңтар-маусымға
		2026 жылғы мамырға	2025 жылғы маусымға	
Өнеркәсіп	102,5	112,9	108,2	103,5
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	94,8	101,1	101,8	96,0
Өңдеу өнеркәсібі	109,0	126,8	113,7	109,8
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	109,2	94,8	116,9	110,5
Сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	112,0	108,6	98,7	109,8

Шикі мұнай (91,6%), табиғи газ (95,9%) шығарудың төмендеуіне байланысты 2026 жылғы қаңтар-маусымда тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда ӨӨИ 96% құрады.

Өңдеу өнеркәсібінде 2026 жылғы қаңтар-маусымда 2025 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда ӨӨИ 109,8%-ды құрады. Өсу тамақ өнімдері өндірісінде – 14,7%, сусындар – 4,4%, химия өнеркәсібінде – 20,7%, негізгі фармацевтикалық өнімдер мен фармацевтикалық препараттар – 43,6%, резеңке және пластмасс бұйымдары – 21,8%, өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндіру – 14,1%, машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіруде – 39,9%, машина жасауда 23,1% белгіленді.


Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда электр энергиясын өндіру, беру және тарату көлемдерінің – 2,2%, құбыржолдар бойынша газды тәрізді отын өндіру және таратудың – 17,8%, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен қамтамасыз ету көлемдерінің 37,2% артуы есебінен ӨӨИ 110,5% құрады.

Сумен жабдықтау, суды бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызметте 2026 жылғы қаңтар-маусымда ӨӨИ 109,8% құрады. Суды жинау, тазарту және бөлу көлемдері – 8,4%, ағынды суларды жинау және тазартуда – 10,2%, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; материалдарды кәдеге жарату (қалпына келтіру) 10,8% артты.

Өндіріс көлемінің өсуі республиканың 16 өңірінде тіркелді, төмендеу Ақмола, Атырау, Батыс-Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында белгіленді.

Өнеркәсіптік өндірістің индексі

өткен жылғы тиісті кезеңге, пайызбен, өсуі +, төмендеуі -



Электронды кестелер:

[Қазақстан Республикасы өнеркәсібі жұмысының негізгі көрсеткіштері](#)

3. Глоссарий

Өнеркәсіптік өндірістің құндық көріністегі көлемі – өзінің күрделі құрылыс тараптарына және өнеркәсіптік емес бөлімшелерге өткізуге немесе өзінің қызметкерлеріне еңбек ақы есебінде беруге, сондай-ақ тапсырыс бойынша орындалған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге арналған кәсіпорындардың өзі шығарған (өз шикізаты және материалдарымен қатар, тапсырыс берушінің шикізаты

және материалдарынан дайындалған), барлық дайын бұйымдардың (өнімдердің), жартылай фабрикаттардың құны.

Заттай көріністегі өнеркәсіптік өнім өндіру көлемі – бұл өнімнің нақты түрлерінің заттай көріністегі шығарылымы. Заттай көріністегі өнеркәсіптік өндіріс көлемі жалпы шығарылым, аталған кәсіпорын ішінде өнеркәсіптік-өндірістік қажеттіліктеріне жұмсалған және өңделме шикізаттан өндірілген өнімдер қоса есептеледі.

Өнеркәсіптік өндіріс индексі – бұл салыстырылып отырған кезеңдердегі өнеркәсіптік өнім көлемінің өзгерісін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Өнеркәсіптік өнімдер (тауарлар, қызметтер) көрсеткіштерін қалыптастыру үшін өнеркәсіптік кәсіпорындардың, қосалқы қызмет түрі «Өнеркәсіп» болып табылатын кәсіпорындардың, дара кәсіпкерлер, шаруашылық және фермерлік қожалықтардың жалпы мемлекеттік статистикалық бақылауларының бастапқы деректері ақпараттық база болып табылады.

Өнеркәсіптік өндіріс индексі есептеу үшін жеке (тауарлық) индекстерді экономикалық қызмет түрлері бойынша индекстерге келесі кезең-кезеңмен агрегациялау өкіл-тауарлардың белгіленген жиыны (себет) бойынша заттай көріністегі серпініне негізделген әдісі қолданылады. Іріленген жиынтықтар үшін индекстер осы жиынтықтарды құрайтын элементтерден орташа өлшем ретінде есептеледі.

Неғұрлым толығырақ әдістемелік түсініктемелер келесі сілтемелер бойынша қолжетімді:

[Өнеркәсіптік өндірістің индексі есептеу Әдістемесі](#)

[Өнеркәсіптік өнімдердің \(тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің\) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістеме](#)

5. Жарияланымдарға қатысты сілтемелер

[Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасының өнеркәсібі»](#)

[Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасы бойынша шикізаттың аса маңызды түрлерінің, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдердің және тұтыну тауарларының ресурстары мен пайдалану баланстары»](#)

[Статистикалық бюллетень «Қазақстан Республикасында өнімнің \(тауарлардың\) және шикізаттың жекелеген түрлерінің ресурстары мен пайдалану»](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық нысан «Кәсіпорынның өнім \(тауарлар, көрсетілетін қызметтер\) өндіру және жөнелту туралы есебі» \(индекс 1-П, айлық\)](#)

[Статистикалық нысан «Кәсіпорынның өнім \(тауарлар, көрсетілетін қызметтер\) өндіру туралы есебі» \(индекс 1-П, тоқсандық\)](#)

[«Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі/](#)www.taldau.stat.gov.kz/Herizgi/Статистика
[бөлімдері/Өнеркәсіптік өндірістің статистикасы](#)
[Сапа бойынша есеп](#)

Шығаруға жауапты: Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	Департамент директоры А. Исабекова Тел. +7 7172 749056	Орындаушы: С. Тілеуберген Тел. +7 7172 749309 E-mail: sy.tileubergen@aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
--	---	--	---

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы